

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН»
ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

МЕН

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ «АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ
МУЗЕЙІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРНЫ**

Көкшетау қ.

2025 жыл «23»

«қазақ»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны атынан Жарғы негізінде әрекет ететін музей директорының м.а. Дуқенбаев Нурлан Мусагалевич бір тараптан, және Ақмола облысы Мәдениет басқармасының жанындағы «Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысы негізінде әрекет ететін музей директоры Мырзабек Құдайберлі Рахімбекұлы екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар» деп аталып, ал жеке бойынша «Тарап», өзара мүдделілікті негізге ала отырып музей ісі саласындағы тиімділігін арттыру, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру қызметін дамыту үшін қолайлы жағдай мен ынтымақтастықты кеңейту үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумды жасасты (әрі қарай – «Меморандум») және төмендегідей келісімге келді:

1. Меморандумның мақсаты

Тараптар, екі жақ өздерінің жиі пайдалануға тиімді пайдалану, Қазақстан Республикасының жетістіктерін дамыту және тарихи-мәдени мұраны жан-жақты насихаттау, бірлескен ғылыми-зерттеу, көрме, мәдени-білім беру бағдарламалар аясында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында осы Меморандумды жасады.

2. Ынтымақтастықты нығайту

2.1. Ынтымақтастықты дамыту келесі жолмен жүреді:

- 1) қызметтерін қызықтыратын бағыттары бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасуды жүзеге асыру;
- 2) тараптар арасындағы тұрақты ақпарат алмасу, білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарының өкілдерімен байланыстарды кеңейту;

3) біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер өзге де бастамашылықтарды жүргізу;

4) біріккен ғылыми және ғылыми-техникалық бағыттағы зерттеулер жүргізу;

5) өңірлерге өзара қатысты көрмелер өткізу және экспедициялар мен қазба жұмыстарына қатысуды ұйымдастыру.

3. Қатысушылардың әрекеттестігі

3.1. Осы Меморандум аясында тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа алады және өзара әрекеттестікті тең құқықтық, ашықтық және парасаттылық қағидалары негізінде жүзеге асырады.

3.2. Тараптар осы Меморандум тармақтарын орындау мәселелері бойынша басшылары немесе өзара іс-қимылдарды жүзеге асыру және пайда болған сұрақтарды қарастыру үшін жіберілген өкілдері арқылы бір-бірімен әрекеттеседі.

3.3. Осы Меморандум шеңберінде әрекеттестіктің келесі формалары көзделеді:

1) тараптың зерттеушілеріне экспозициялық-көрме қызметінде жұмыс жасауға септігін тигізу;

2) сапдық форматқа көшірілген жәдігерлер және сурет/бейне материалдармен өзара алмасу;

3) тарап өкілдерінің алдын ала келісілген мерзімге жұмыс кездесулері, сапарлары, тәжірибе алмасуы;

4) басылымдармен, ғылыми, әдістемелік әдебиеттермен өзара алмасу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, келісілген тақырыптар бойынша деректі көрмелер ұйымдастыру;

5) қызметтерінің қызықтыратын бағыттары бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасуды жүзеге асыру.

3.4. Осы баптағы уағдаластықтарды іске асыру үшін тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа оны қызықтыратын ақпарат жөнінде жүгіне алады.

3.5. Баппен белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру тараптардың жеке келісімдерімен ашықталады.

4. Меморандумның әрекет ету мерзімі

4.1. Осы Меморандум оған екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптардың өзара келісімі бойынша немесе тараптардың біреуінің қалауы бойынша алдын ала, бұзудың болжамды күніне дейін басқа тараптың кемінде 15 күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып шартты бұзғанға дейін әрекет етеді.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Тараптар осы Меморандумды бірлескен әрекет бойынша құқықтық және қаражаттық міндеттемелерді тудырмайтын ниет туралы декларация есебінде қарастырады.

5.2. Меморандум шеңберінде жасалған ешбір әрекет қатысушылардың өкілеттіктеріне және құқықтарына шек қоймайды.

5.3. Осы Меморандум түсіну мен қолдану барысында туған дау мен келіспеушіліктерді тараптар жиын және келіссөздер өткізу тәсілімен шешеді.

5.4. Осы Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтырулар оның айырылмас бөлігі болып табылады және жазбаша түрде жасалып, оларға қатысушылардың скеуі де қол қойған жағдайда жарамды болып есептеледі.

5.5. Меморандум мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды және қол қойылды, тең 2 (екі) бірдей заңды күші бар 3 (үш) параққа бірдей көшірме, әр тарап үшін 1 (бір) көшірме беріледі.

6. Тараптардың заңды мекен-жайлары

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі Мәдениет
комитетінің «Әзірет Сұлтан»
Ұлттық тарихи-мәдени музей-
қорығы» РМҚК
Түркістан қаласы,
Әмір Темір көшесі, 53А-үй.

Ақмола облысы Мәдениет
басқармасының жаындағы
«Ақмола облыстық тарихи-
өлкетану музейі» МКҚК
Көкшетау қаласы,
Елебаев көшесі, 35-үй.
8 (7162) 25-58-61

Музей директорының м.а.



Н.М.Дукенбаев



Музей директоры



Қ.Р.Мырзабек

М.О

